

«Теңізшевройл» ЖШС
Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасының есебі
2021 жыл

ӘИБ-ның серіктес -ҮЕҰ-дары ұсынған есептер негізінде дайындалды

Білім беру саласы

Жоба: «Жалын» - Қазақстан жастарының азаматтық және жеке құндылықтарын қалыптастыру және дамыту процестері

ҮЕҰ: «Жүректен жүрекке» қоғамдық бірлестігі

Елді мекендерді қамту аймағы: Құлсары қаласы, Боранқұл ауылы

Кіші жобалардың / бағыттардың саны: 56

Тікелей / тікелей емес бенефициарлар саны: 978 / 2 032 (3 010)

Мақсаты:

- 1) өзіне деген сенімділік, қарым-қатынас жасау, шешім қабылдау, мақсат қою сияқты жеке қасиеттерді жетілдіру;
- 2) денсаулық сақтаудың маңызды проблемалары туралы білу;
- 3) Табысты жұмысқа орналасу үшін, дұрыс мінез-құлық, топпен жұмыс істей білу, ынтымақтастық сияқты қажетті дағдыларды дамыту;
- 4) жергілікті қоғамдастықтың проблемаларын шешу үшін, әлеуметтік жобаларды жоспарлауға және жүзеге асыруға қатысу;
- 5) суицидтің алдын алу.

Бұл бөлімді қамтитын 41 компоненттен тұратын білім беру бағдарламасы: жеке құзыреттермен жұмыс, проблемалар мен қақтығыстарды шешу, жұмыстағы жетістік элементтері, қаржылық сауаттылық, кәсіби өсу дағдылары, әлеуметтік жобаны жүзеге асыру. Яғни, бағдарлама жасөспірімнің өзімен жұмыс істеуінен бастап, біртіндеп қоғамды түсінуіне қарай ойысып, одан әрі әлеуметтік жобаны құру және жүзеге асыру арқылы әсер етуді қарастырады.

Жоба шаралары

- Жоба тобы білім басқармаларының қолдауымен мұғалімдер, психологтар, мектептердің әлеуметтік қызметкерлері арасында жобаны бастау және жаттықтырушыларға арналған тренингке қатысушылардан өтініштерді қабылдау туралы ақпараттық науқан қолға алынды .
- Жоба қорытындысы бойынша 12-13 жас аралығындағы 938 мектеп оқушысы осы бағдарлама бойынша оқудан өтті, оның 655-і Құлсары қаласынан және 283-і Боранқұл ауылынан (334 ұл және 604 қыз). Бірінші лекте – 360 адам, маусымнан қыркүйекке дейін 240 оқушыға арналған бағдарламаның 2 раунды, қыркүйектен бастап 338 оқушыға арналған 3 раунд жүзеге асырылды.
- Жаттықтырушы ретінде 28 мұғалім / мектеп мамандары қатысты. Екінші раундта барлық жаттықтырушылар фасилитатор дағдыларын жақсарту мақсатында 3 жеке коуч-сессиядан, үшінші раундта 1 жеке коуч-сессиядан өтті.
- 2021 жылдың сәуір айында жобаның инстаграмдағы ресми парақшасындағы қатысушылар арасында жоба туралы креативті посттар байқауы өткізілді. Байқаудың мақсаты-қатысушылардың жобаға қызығушылығы мен тартылуын арттыру, олардың ата-аналары мен жақын ортасы тарапынан ниеттестікті қалыптастыруға ықпал ету.
- Жоба қатысушылары – мектеп оқушыларымен 56 әлеуметтік жоба жүзеге асырылды, оның ішінде: Құлсары қаласында -38, Боранқұл ауылында- 18; экология бойынша – 23, қайырымдылық бойынша-25, білім беру бойынша-7, салауатты өмір салтын насихаттау бойынша -1.

Жоба нәтижелері

- Барлық үш раундқа қатысушылардың дағдыларын дамыту динамикасын зерттеу үшін бағдарламаның 41 компоненті бойынша ретроспективті түрде сауалнамалар жүргізілді. Алынған нәтижелерге сәйкес:
- Респонденттердің 80-90% оң өзгерістер мен эмоцияларды басқару, ынтымақтастық, топтық жұмыс және шешім қабылдау дағдыларын арттырғандықтарын көрсетті;
- Респонденттердің 91-92% ойлау және проблемаларды шешу, жеке жауапкершілік, кикілжіңдерді басқару, өзіне деген сенімділік дағдыларының оң бағытта өзгергенін көрсетті;
- Респонденттердің 100% оң өзгерістер мен қарым-қатынас және тұлғааралық дағдылардың, сондай-ақ өзіне және басқаларға құрмет көрсету дағдыларының жақсарғанын атап өтті.
- Қатысушылар өз пікірлерінде жоба арқасында өзіне деген сенімділік, позитивті ойлау, тайм-менеджмент, іс-әрекеттері үшін жауапкершілік, мақсат қою білу және оларға қол жеткізу, стресс пен кикілжіңдерді басқару, сондай-ақ болашақты жоспарлау сияқты қасиеттерге ие болғанын атап көрсетті.

- Сондай-ақ, жаттықтырушылар бірінші сабақта мінез-құлқында қысылып-қымтырылу, ыңғайсыздық және ұялу баркөптеген қатысушылардың оқудың соңына қарай ашылып, әлеуметтік жобаларды құру процесінде белсенділік танытқандарын атап өтті.
- Бұған қоса, жаттықтырушылардың 90% олардың жаттықтырушылық дағдылары жақсарғанын, бейресми білім беру әдістерін түсінулерінің жоғарылағанын, жасөспірімдердің эмоционалдық жай-күйі мен қажеттіліктерін сенім мен түсінуге құрылған қарым-қатынас дағдылары пайда болғанын атап өтті. Сондай-ақ, олар бейсаналық түрде жаттықтырушылық әдістерді өздерінің әдеттегі жұмысына ауыстырғанын, яғни жаттықтырушылар өздерінің бейіндік пәндерін жүргізуде бейресми білім беру әдістерін қолданатынын атап өтті.

Туындаған қиындықтар және алынған сабақтар

- Жобаның 1-легіне қатысушыларды таңдау кезеңінде ата-аналар тарапынан жобаның мәні мен маңыздылығын түсінбеушілік байқалды. Әсіресе, пандемия кезінде олар балаларының денсаулығына алаңдап, жібергісі келмеді. Бірақ мектеп директорларымен және жаттықтырушылармен бірлескен жұмыстың нәтижесінде ұйымдастырушылар оқытудың маңыздылығын түсіндіре алды. Сонымен қатар ұйымдастырушылар ата-аналарға барлық сыныптар қажетті қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілгенін жеткізді: бетперделер, санитайзерлер және т. б.
- 2-лекке 300 баланы қатыстыру жоспарланды, және де тренингтер мектеп жанындағы жазғы лагерьдің бөлігі ретінде қарастырылды. Алайда, ҚР Білім министрлігінің бұйрығы бойынша 2021 жылы барлық мектеп жанындағы лагерьлер жұмысы пандемияға байланысты тоқтатылды. Оқушылар басқа елді мекендерге кетіп, үйлерінде болмады. Десек те, жаттықтырушылардың табандылығы арқасында қатысушылар жақсы жиналды, 18 топта 2 оқыту легі іске қосылды: Құлсары қаласында-14 топ, Боранқұл ауылында - 4 топ.
- Құлсары қаласындағы мектеп директорлармен қарым-қатынаста қиындықтар кездесті. Алайда, бұл мәселелер қолданыстағы меморандумның арқасында шешілді.

Жоба: Кәсіптік бағдар беру – Өз болашағыңды таңдап, өзің басқар

ҮЕҰ: «INTEGRITY» «Жеке тұлғаны дамыту» қоғамдық қоры

Елді мекендерді қамту аймағы: Атырау қаласы

Кіші жобалардың / бағыттардың саны: 3

Тікелей / тікелей емес бенефициарлар саны: 200 / 2 000 (2 200)

Мақсаты: Әр баланың өз бетімен өмір сүру дағдыларын қалыптастыру үшін олардың жеке қабілеттерін анықтау және дамыту.

– Жобаның міндеттері:

- Әлеуметтік дағдыларға оқыту - қарым-қатынас, топта жұмыс істеу, көшбасшылық, эмоциялық интеллект;
- Басқару дағдыларына оқыту - тайм-менеджмент және мақсатты тұжырымдау, проблемаларды шешу;
- Дербестікке оқыту – қаржылық және заңдық сауаттылық, еңбек нарығымен танысу, жауапкершілік және тәртіп;
- Ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларына үйрету – тиімді оқыту, шығармашыл және сыни ойлау, ақпаратты іздеу және талдау.

Жоба төрт кезеңнен тұрды, бұл ретте әрбір баламен кәсіби ментор жұмыс істеді, ал ата-аналар сарапшылардан кері байланыс алды.

Жоба шаралары

- 200 адам мамандық таңдау бойынша екі тілде кәсіби бағдар берушіден жеке кеңес алды; икемді дағдыларды дамытуға арналған 2 бағдарлама бойынша оқытудан өтті – оқу сағаттарының жалпы саны 40 сағат.
- Мектеп оқушылары мамандардан қаржылық сауаттылық, жоғары оқу орындарына түсу, сөйлеу техникасы және басқа да маңызды дағдылар бойынша 10 вебинарға қатысты.
- Қатысушылардың ата-аналары балалардың жас психологиясы және балалармен тиімді қарым-қатынас, эмоционалды сауаттылық туралы 5 вебинарға қатысты.
- Сондай-ақ, шағын топтарда және жеке жұмыс бойынша менторлармен кездесулер өткізілді. Ал, белсенді қатысушылары үшін, Атырау мұнай және газ университетінің мамандарымен жалпы кездесу ұйымдастырылып, көшбасшылық бойынша тренинг өткізілді.

Жоба нәтижелері

- Өткізілген іс-шаралар нәтижесінде жобаның 200 қатысушысы ата-аналарымен бірге болашақ мамандықты таңдау бойынша кәсіптік бағдар берушіден кеңес алды, ЖОО-на қалай түсу, құжаттарды қашан жинау және қайда түсу керектігін білді. Икемді дағдыларды қалыптастыруды және оны тәжірибеде қолдануды, қаржылық сауаттылық негіздерін, дербес өмір сүру дағдыларын үйреніп, еңбек нарығы мониторингі бойынша құралдар мен сілтемелер алды, басқа қатысушылармен достасып, үйде және оқуда жақсы қарым-қатынас жасай бастады.
- Балалар үшін жобаға қатысудың нақты нәтижесі жеке даму жоспары бойынша жұмыс болды. Әр қатысушы оны ментормен бірге толтырды, онда қалаған нәтижені атап өту керек болды. Мысалы, эмоционалды интеллект дағдысы және дағдыларды игеру үшін іс-қимыл жоспарын жазу. Қатысушылар процесінің мониторингін ментор сүйемелдеді, ол коучингтен құралдар мен техниканы пайдалана отырып, нәтижені көрсетуге және талдауға, сондай-ақ коучингтік кері байланысқа үйретті. Әр ай сайын нәтиже бағаланды және көптеген қатысушылар орта есеппен 5-ші деңгейден бастап 3 айлық оқудан кейін 8-ші деңгейге жетті және жаңа деңгейдің негізін білдіретінін, нәтижеге жету үшін не істей алатындығын сипаттай алды.

«Кәсіптік бағдар: Өз болашағыңды таңдап, өзің басқар» жобасы QAZAQSTAN PROJECT MANAGEMENT AWARDS - 2021 Екінші ұлттық байқауының «Алтынын» жеңіп алды.

Туындаған қиындықтар және алынған сабақтар Жобаға қатысушылар негізінен жоғары сынып оқушылары. Осы ретте, мемлекеттік емтихандар, ұлттық бірыңғай тестілеу кезінде тренингтерге қатысуда қиындықтар туындады. Екінші лек жазғы демалыс кезінде оқытылды, бос уақыт көбірек болды. Сондықтан балалар тарапынан жобадан кетіп қалу белең алды. Бірінші лек 4 айға, екіншісі 2 айға созылды, әр лектің жағымды және жағымсыз жақтары болды. Әйтсе де, тұтастай алғанда, екінші лектің қатысушылары жобаның мақсатын тереңірек түсіне бастағандықтан, көбірек ынталандырылды.

Жоба: Брайль қарпі бойынша электронды-алфавиттік тренажер

ҮЕҰ: «Sezual» мүгедектер қоғамдық бірлестігі

Елді мекендерді қамту аймағы: Атырау қаласы

Кіші жобалардың / бағыттардың саны:

Тікелей / тікелей емес бенефициарлар саны: 15

Мақсаты: Зағиптар мен көру қабілеті нашар балаларға арналған мектеп-интернаттың өтініші бойынша жасақталған электронды-техникалық құрылғы көмегімен ағылшын, қазақ, орыс тілдерін оқытуда білім беру процесіне ықпал ету.

Міндеті: Қол режиміндегі «Брайль-өздігінен үйреткіш» құрылғысының 45 данасын жасау, әр тілде (қазақ, орыс, ағылшын) 15 құрылғы әзірлеп, оны «Атырау облысы білім беру басқармасы облыстық арнаулы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тапсыру.

Жоба шаралары

- Электронды тақша мен бөлшектер шығару үшін орындаушылар арасында техникалық құжаттама жасақталып, конкурс ұйымдастырылды.
- Электронды тақшалар мен бөлшектер үлгісіне, сондай-ақ силиконды пернетақтаға тапсырыс берілді.
- Корпустың сыртқы панелі, артқы қақпағы мен басқару элементі алынып, сынамадан өтті. Орыс тіліндегі дыбыстық із жазып алынды.
- Ораманы құрастыру өткізілді. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі дыбыстық із жазылды. Баспа өнімі беттелді.
- Электронды тақшаны сыртқы монтаждау жобасы жасалды.
- Тақша компоненттерін жинақтау және оның микропроцессорын қосу жүзеге асты.
- Нұсқаулық пен техникалық құжаты жасалды.
- Микробақылауыш бағдарламасы жасалып, ізді құю жүзеге асты.
- Брайль құрылғысы жеткізіліп, онымен жұмыс істейтін мұғалімдер оқудан өтті.

Жоба таныстырылымы

- «SEZUAL» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің серіктесі, Президенттік жастар кадры резервінің мүшесі, халықаралық «Болашақ» бағдарламасының түлегі Әбділда Шаменов зағип балалардың қаріп танып, өз бетімен қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде оқуына мүмкіндік беретін «Брайль-өздігінен үйреткіш» аппаратының таныстырылымын өткізді. Ол өз сөзінде Брайль аппаратының жұмыс принципіне тоқталып, Атырау қаласындағы көру қабілеті нашар балалар үшін құрылғының алғашқы легін шығаруға ТШО тарапынан қолдау көрсетілгенін атап өтті.
- Ғалымжан Ғабдрешов пен Әбділда Шаменов Үндістан Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Шубдаршини Трипатимен кездесуге қатысып, «Брайль-өздігінен үйреткіш» аппаратының таныстырылымын өткізді. Кездесуге Еуразия Ұлттық университетінің ректоры Ерлан Сыдықов, осы университеттің ғылым және инновация жөніндегі проректоры Гүлнар Мерзадинова, IKCEICT Қазақ-үнді ақпараттық коммуникациялық технологиялар оқу орталығының директоры Анатолий Кременчутский, Қазақстан Халықтары Ассамблеясы кәсіпкерлер Ассоциациясының директоры Инна Горст, Үнді елшілігінің Қазақстандағы әскери атташесі Милан Налаваде, Астана халықаралық университеті Қазақ-Америка орталығының директоры Асан Әбдіров, Қазақ технология және бизнес институтының ғылым, инновациялық технологиялар және сыртқы байланыстар жөніндегі проректоры Ринат Жанбаев, технологиялық болжам Ұлттық орталығы Мәскеу филиалының директоры Тимур Мыңбаев қатысты. Кездесу қонақтарына құрылғының жұмыс принципі мен ТШО тарапынан көрсетілген қаржылық қолдау туралы айтылды.
- Нұрбек Еңсебаев The Founder Institute (Пало-Альто, штат Калифорния), америкалық бизнес инкубатордың менторы ретінде «Брайль-өздігінен үйреткішке» баса назар аудара отырып, SEZUAL технологиясымен таныстырды, сондай-ақ ол «Болашақ» халықаралық бағдарламасының «Bolashak Talks» әлеуметтік кәсіпкерлік бойынша конференциясында да осы тақырыпты сөз етті.

Жоба нәтижелері

- Тифлопедагогтардың қажеттілігін ескере отырып, құрылғы жұмысы жетілдіріліп, «Атырау облысы білім беру басқармасы облыстық арнаулы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тапсырылды.
- Балаларға арналған құрылғыны пайдаланудың нәтижесі :

«Атырау облысы білім беру басқармасы облыстық арнаулы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тифлопедагогтарының тапсырысы бойынша «SEZUAL» мүгедектердің қоғамдық бірлестігі жасақтаған қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде өздігінен оқытатын Брайль электронды құрылғысының нәтижесінде арнаулы мектеп-

интернаттың зағип балалары екі ай бойы өз беттерімен оқыған материалдарын қайталап, Брайльдың бірқатар сандарын бекітті. Балалар бос уақыттарында өз беттерімен үш тілдегі жаңа символдарды меңгеріп, Брайльдік оқудың жанасу процесін меңгеруде. Балалардың үй тапсырмаларын өз бетімен орындау мүмкіндігінің тууы тифлопедагогтардың уақытын айтарлықтай үнемдеді.

- «Sezual» мүгедектердің қоғамдық бірлестігі «Таңдаулы жергілікті жаңалық» -«Зағип балалар үшін бірегей құрылғы-стартаптан БҰҰ сыйлығының номинациясына дейін» жүлдесінің, Tribune Орталық Азия медиа порталының жеңімпазы атанды.
- Жұртшылықпен жұмыстың және БАҚ-та кеңірек көрсетілудің нәтижесінде көптеген адамдар зағип және көзі нашар көретін балалардың проблемаларын тереңірек біле бастады. Таныстырылымдар мен кездесулердің арқасында зағип және көзі нашар көретін балаларға көмек қолын созушылық көбірек байқалуда.
- Зағиптардың білім алу проблемасын шешуге түрлі елдерден инвесторлар мен қайырымдылық ұйымдары қызығушылық танытуда.

Жоба: «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@!»

ҮЕҰ: Академик З. Қабдоловтың жеке қоры

Елді мекендерді қамту аймағы: онлайн-жоба

Кіші жобалардың / бағыттардың саны: 11

Тікелей / тікелей емес бенефициарлар саны: 260 000

Мақсаты: инновациялық технологиялар есебінен қазақ тілін дәріптеу және оқыту бойынша аудиториямен қамтуды ұлғайту.

Жобаның міндеті:

- мемлекеттік тілді оқыту бойынша тиімді және сынақтан өткен технологияларды жүзеге асыру;
- екі тілді бірегей электронды кітап, видео және аудио өнімдер шығару, Қабдолов сайты «Қазақ халқының салт-дәстүрлері», «Оқу материалдары», «Поэзия және музыка», «Қазақ халқының мақал-мәтелдері» рубрикалары бойынша жаңа материалдармен толықтыру;
- әлеуметтік желілерде өндірілген өнімді орналастыру

Жобаның жинақталған сипаттамалары

- Жобаны жүзеге асыру бойынша бастапқы онлайн сипаттама
- Ашықтық, айқындық, жалпыға бірдей қолжетімділік
- Тұтынушылар мен бенефициарлар қатарларының көптігі

Жоба шаралары

- 1) Бірегей электрондық кітаптар шығару және ЭБД құру (<http://kabdolov.kz/aza-sha-sayra/literatura-lektronnye-knigi>). 2013 жылдан бастап қор қазақ әдебиетін (сонымен қатар орыс тілін де) тиімді игеруге ықпал ететін бірден бір ғана емес, алғашқы қор ретінде танылды. Білім беру міндетін орындау мақсатында кітаптардың электронды форматымен рұқсат етілген көлемі бойынша кең мүмкіндіктерді ескере отырып, олар екі тілде – қазақ және орыс тілдерінде шығарылады, олардың мазмұны кіріктірілген интерактивті сөздік ретінде көрсетіледі. Мәтіндік блоктар лексикалық білім беру аспектісін орындай алатын интерактивті сілтемелермен өзара байланысты. Бұған дейінгі жылдарда 11 кітап шығарылды, 2021 жылы тағы да 4 кітап қосылды.
- 2) жоба өнімдерін шығару және оны әлеуметтік желілерде орналастыру:
 - Бейне өнімдерін шығару
 - «Оқу материалдары», «Балаларға арналған оқыту мәтіндері», «Қазақ ертегілері», «Қазақ ойындары», «Қазақтың салт-дәстүрлері», «Әзілдер», «Электронды кітаптар мен оқулықтар», «Қазақ мақал-мәтелдері», «Өлеңдер мен әндер», «подкасттар» сияқты рубрикалармен 2 немесе 3 тілді өнімдерді шығару және оларды жаңғыртып отыру.
 - «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@!» Facebook желісінен тұрақты орын тапты. Желіде қатысушылар жобаның проблемасы мен тақырыбына тікелей қатысы бар белгілі бір жарияланымдарды, мақалаларды, посттарды, бейнебаяндарды және проблемаларды талқылайды, өз пікірлері мен көзқарастарын қалдырады. Қамту-45 806 адам, өзара әрекеттер мен шаралар - 2320.
- 3) Жарияланымдардың жалпы саны – 484
 - a. 1-ші жартыжылдықтағы саны - 201. Оның ішінде: А) 51 - Қордың сайтында; б) 113-Facebook – те, «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@!» тобында; в) 24 жарияланым-түрлі сайттарда, порталдарда, топтарда; г) 37 бейне-Қордың сайтында және YouTube-те.
 - b. 2-ші жартыжылдықтағы саны - 283. Оның ішінде: А) 81-Қордың сайтында; б) 166-Facebook – «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@!» тобында; в) 36 жарияланым-түрлі сайттарда, порталдарда, топтарда; г) 37 бейнебаян- қордың сайтында және YouTube-та.

Жоба нәтижелері

- 1) Жоба 2021 жылы «Білім, ғылым, ақпарат, дене шынықтыру және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу» номинациясы бойынша ҚР Ғылым және білім министрлігінің сыйлығы мен дипломымен марапатталды.
- 2) Жобаның мақсатты топтары ортасында қазақ тілін оқуға қызығушылықты арттыру. Нәтижені Қор сайтының және «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@!» тобының есептеуіштеріндегі пайдаланушылар мен бенефициарлар санының ұлғаюынан, Facebook пен YouTube-тегі жобаның бейне өнімдеріне қаралымдар мен көзқарастар санынан байқауға болады.

Тілге, оның ішінде жобаға деген қызығушылықтың артуы жоба өнімдеріне оң пікірлер мен пайдаланушылардың пікірлеріне жасалған мониторинг арқылы бақыланады.

- 3) Жоба халықаралық тұрғыда кең мәртебеге ие болды: сайт есептегіші тек 2-ші жартыжылдықта әлемнің 20 елінен 16 880 адамның жобаны пайдаланғандығын көрсетті.

Жоба серіктестері:

- «Алшы» әдеби- тарихи мәдени қоры.
- «ANIMA BOOK» анимациялық студиясы, жетекшісі Артур Краустың атынан Қордың сайтында қазақ тіліндегі мультфильмдер сериясын тегін орналастыру құқығы берілді.
- Жобаға ҚР-на танымал жазушы және ақын Райхан Алдабергенова 2 тілде әңгімелер жинағын жазу арқылы өз үлесін қосты .
- Қазақстан мен Әзірбайжанға танымал режиссер, әрі сценарист Аждар Гаджиев.
- Әзірбайжандық талантты суретші, дизайнер және кітап графигі Мария Кель электронды кітаптарды безендіруге айтарлықтай үлес қосуда.

Туындаған қиындықтар және алынған сабақтар

Аталған жоба бастапқыда онлайн форматта болғандықтан, жоба орындаушылары COVID 19-ға байланысты әнебір қиындық көрген жоқ. Олар оқшау жұмыс істеді, Қабдолов қорының атынан үйлестіру орталығымен байланыс үнемі интернет арқылы жүзеге асты. Жобаны жүзеге асыру жоспарларында кідірістер немесе қандай да бір елеулі өзгерістер болған емес.

Азаматтық қоғамды дамыту

Жоба: Жылыой ауданындағы және Боранқұл ауылындағы қоғамдық кеңістіктер

ҮЕҰ: «Орталық Азияның Еуразия Қоры» корпоративтік қоры

Елді мекендерді қамту аймағы: Жылыой ауданы (Құлсары, Ақкиізтоғай, Жаңа Қаратон, Қосшағыл, Майкөмген, Тұрғызба, Шоқпартоғай), Маңғыстау облысы, Боранқұл ауылы.

Кіші жобалардың / бағыттардың саны: 45

Тікелей / тікелей емес бенефициарлар саны: 650 / 7 200 (7 850)

Мақсаты: жергілікті қоғамдастықты қоғамдық кеңістікті жақсартуға және жергілікті мәселелерді шешуге анағұрлым белсене қатыстыру.

Жобаның міндеттері: Өмір сапасын жақсарту бойынша жобаларға қатысу туралы жергілікті халықтың хабардарлығын арттыру.

- Жергілікті мемлекеттік органдармен серіктестікте қоғамдық кеңістікті жақсартуда жергілікті қоғамдастық мүшелерін қолдау.
- Жергілікті белсенділермен бірлесіп әзірленген қоғамдық кеңістіктердің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету тәсілдерін анықтау.

Жоба шаралары

- Қазақ тілінде 16 офлайн тренингтер мен семинарлар өткізілді; 316 адамға онлайн түрінде 147 кеңес берілді
- Кіші жобалар:
 - Арыздар саны – 96
 - Іріктелген шағын жобалар саны – 47 (Жылыой ауданы – 40, Боранқұл – 7)
 - Жалпы 45 жоба сәтті аяқталды: Атырау облысы, Жылыой ауданы бойынша: Құлсары қ. – 12 шағын жоба, Аққызтоғай ауылы-4, Майкөмген ауылы – 4, Шоқпартоғай ауылы - 3, Тұрғызба ауылы – 7, Жаңа Қаратон ауылы – 4, Қосшағыл ауылы – 4 және Маңғыстау облысы Боранқұл ауылы бойынша – 7 шағын жоба.
 - 2021 жылы аяқталған шағын жобалар: балалар алаңдары-15, аллеялар, саябақтар мен гүлзарлар – 8, спорт алаңдары – 6, футбол алаңдары – 5, 4 – кабинеттер, мәдени – бұқаралық іс-шараларды өткізуге арналған көріністер – 3, аялдама – 1, көпір-1, жарықтандыру – 1, мектеп ауласын абаттандыру-1.
- Жобаға қатысушылар саны - 650 (Жылыой ауданы – 525, Боранқұл-108, оның ішінде жергілікті әкімдіктердің өкілдері-19
- БАҚ-тағы жарияланымдар саны – 10

Жоба нәтижелері:

1-Нәтиже. Жергілікті қоғамдастық мүшелерінің өз елді мекендеріндегі өмір сапасы үшін жауапкершілік туралы хабардарлығын арттыру:

- Жергілікті билік органдарын қоса алғанда, 8 елді мекеннен барлығы 316 жергілікті тұрғын «Жобаларды әзірлеу және басқару» бойынша тренингтерге (PDM) қатысты.
- Басқару комитетінің іріктеуінен кейін грант алу үшін 47 жоба мақұлданды.

2-Нәтиже. Жергілікті тұрғындардың жергілікті билікпен әріптестікте өз қоғамдастықтарының қоғамдық кеңістігін дамытуға қатысу әлеуетін арттыру:

- 8 жергілікті әкімдіктен барлығы 19 өкіл қажетіне қарай, қолдау мен көмек көрсетті (мамандар мен көлікті тегін ұсынды, еріктілермен көмектесті).
- Жергілікті белсенділер мен билік арасындағы диалогты жақсартуға қол жеткізілді (кездесулер, мониторингтік сапарлар, шағын жобалардың қажеттіліктерін талқылау).
- Жергілікті белсенділер әкімдермен келесі жылға арналған әлеуетті шағын жобаларды талқылауда.

3-Нәтиже. Жергілікті белсенділермен және билікпен бірге қоғамдық кеңістіктердің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету жолдары анықталды:

- Шағын жобалардың ашылу салтанатына жергілікті әкімдер немесе олардың орынбасарлары қатысты. Олар жоба жетекшілері және қатысушыларымен жаңадан құрылған қоғамдық кеңістіктердің тұрақтылығын талқылады.
- Жалпы алғанда, шағын жобалардың барлық жетекшілері ашық қоғамдық кеңістіктердің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуді, ал жергілікті билік жөндеу және тазалау жұмыстарына қажеттілік бойынша мониторинг және көмек көрсету бойынша, аудандық полиция қызметкерлері қоғамдық орындардың қауіпсіздігін бақылау үшін жауапкершілікті өз мойындарына алды, сондай-ақ, жергілікті бастамашыл топтар, белсенді жастар қоғамдық орындарды қауіпсіз және таза ұстауға уәде берді.
- Жоба тобының бақылауына, 2 жыл бұрын ашылған қоғамдық кеңістіктер бұрынғысынша қауіпсіз және тұрақты, оларды жергілікті халық пайдаланады, жергілікті биліктің көмегімен және қолдауымен таза және қауіпсіз ұстайды.

Туындаған қиындықтар мен алынған сабақтар:

1. Жобалық шаралар басталғаннан бері жабдық бағасы өсті, кейбір шағын жобалар бойынша проблемалар туындады, жабдықтар мен басқа да ресурстарды сатып алуға алынған гранттар қаржысы аздық етті. Әйтсе де, ТШО-ның және жоба бюджетінің қалдықтарының көмегімен жағдай оңынан шешілді. Мәселенің тағы бір шешімі шағын жобаларға өз жобаларының сапасына әсер етпейтін жабдықтар немесе басқа заттарды сатып алу санын азайту туралы ұсыныс болды.
2. Келесі жылы алынған сабақ ретінде грант алушыларға шағын жобалардың бюджетін ықтимал инфляцияны ескере отырып, әзірлеу ұсынылады.
3. Тағы бір мәселе шағын жобалар топтары алған 2 грант туралы болды:
 - Жылыой ауданы Шоқпартоғай ауылындағы «Аялы алақан» шағын жобасы, жоба жетекшісі-Салидат Салауат. Ол өзінің шағын жобасының мәртебесі туралы дұрыс емес ақпарат берді, ай сайын шағын жобаның суреттерін жіберді (кейінірек фотосуреттердің интернеттен алынғаны белгілі болды). Ақырында ол гранттың тиісті қаржысын Орталық Азияның Еуразия Қорының (ОАЕҚ) банк шотына кері қайтарды.
 - Құлсары қаласындағы (Жылыой ауданы) «Жаттығу және демалыс орны» шағын жобасы, жоба жетекшісі – Талғат Агисов. Бастапқыда Т.Агисов талаптан өтпеді, бірақ қала әкімінің табанды түрдегі кепілдемесі негізінде жеңімпаздар тізіміне енгізілді (оның айтуынша, Т. Агисов – белсенді және бастамашыл адам, қаладағы футбол бірлестігінің жетекшісі). Шағын жоба бойынша шаралар басталған кезде анасы күтпеген жерден қайтыс болды, басшы ретінде ол шағын жоба қызметін тоқтатты, телефон қоңырауларына жауап бермеді, кездесулерден қашты, жобалық топтың мониторингтік сапарларын елемеді. Жылдың соңында оған жобалық тапсырмаларды орындау үшін қосымша 2 ай беру туралы ресми хат жолданды (хат есепке тіркелді).

Келесі жылы осы мәселеден алынған сабақ ретінде жергілікті әкімдіктің кепілдемесі ескерілетін болады, десек те шешім тек байқау талаптарына сәйкес қабылданады.
4. Биылғы жылы ойын алаңдарын жабдықтармен қамтитын еліміздің түкпір-түкпіріндегі қамтушылармен мен қиындықтар туындады. Олардың барлығы да жабдықты сатып алу мен жеткізуде әртүрлі бағалар ұсынды. Кейбір бағалар грант алушылар үшін қол жетімді болмады. Алынған сабақ ретінде, келесі жылы жобалық топ тек бір ғана жабдықты жеткізушіні тауып, сонымен келісімшартқа отырады. Бұл грант алушыларға жабдықтарды жеткізуде уақыт пен қаржыны үнемдеуге мүмкіндік береді.

Жоба: YEҰ мектебі

YEҰ: Орталық Азияның Еуразия Қоры

Елді мекендерді қамту аймағы: Атырау қаласы және Жылыой ауданы

Кіші жобалардың / бағыттардың саны: 20

Тікелей / тікелей емес бенефициарлар саны: 31 / 19 726 (19 757)

Мақсаты: YEҰ-ның білім беру және кәсіби даярлау саласындағы мүмкіндіктерінің сапасын арттыру және қолжетімділігін жақсарту. Ұсынылып отырған бағдарлама YEҰ-ға азаматтардың қажеттіліктерін қанағаттандыруда азаматтық қоғамның рөлін нығайтуға мүмкіндік беруге бағытталған.

Жобаның міндеттері:

- Ұйымдастыру әлеуетінің сапасын арттыру және Атырау облысының YEҰ мен ТШО серіктестері-YEҰ-ды институционалдық дамыту;
- Азаматтық қоғам секторын дамыту үшін қолайлы орта құру.

Жоба шаралары

- Барлығы 9 тақырып бойынша 47 сағат кеңес беру және 112 сағат көлемінде 7 тренинг ұйымдастырылды, оның ішінде:
 - «жобаларды басқару» тренингі
 - «әлеуметтік жобаларға мониторинг жүргізу және бағалау» тренингі
 - «YEҰ-дың қаржылық тұрақтылығы» тренингі
 - «YEҰ-дағы фандрайзинг» тренингі
 - қаржылық тұрақтылық бойынша орыс тілінде кеңес беру
 - қаржы бойынша қазақ және орыс тілдерінде кеңес беру
 - фандрайзинг бойынша қазақ және орыс тілдерінде кеңес беру
 - «кадрларды басқару» тренингі
 - «YEҰ -дар үшін маркетинг және СММ» тренингі
 - «Операциялық менеджмент» тренингі
- Барлық тренингтер қандай да бір себептермен офлайн қатыса алмайтындар үшін онлайн трансляциямен және онлайн қоймаға жазумен өткізілді. Жазба қатысушыларға қажет болған жағдайда тренинг материалдарына оралып, материалды қайталауға мүмкіндік берді.
- YEҰ үшін салық салу бойынша қосымша екі бейне курс жазылды.
- Тренингтерден кейін, жақсы оқып, тапсырмаларды орындаған 13 YEҰ үшін, сараптамалық бағалау және кеңес беру барысында мамандармен ұйымның әлсіз бағыттарын пысықтау басталды. Сараптамалық бағалау қорытындысы бойынша және оны табысты өткізетін ұйымдар үшін тағылымдамалар тағайындалатын болады.
- Жергілікті атқарушы органдарға оқулықты таныстыру үшін журналистермен және блогерлермен баспасөз таңғыасы және X Азаматтық форумында таныстырылым ұйымдастырылды.
- Атырау облыстық және Жылыой аудандық ішкі саясат басқармалары өкілдерімен кездесу ұйымдатырылды. Кездесулер барысында олар «әлеуметтік жобаларға мониторинг жүргізу және бағалау» тақырыбына қызығушылық танытты. Бағдарлама директоры облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік қорғау және ішкі саясат басқармаларының, азаматтық орталықтың қызметкерлеріне (барлығы 7 адам) семинар өткізді

Жоба нәтижелері

- 1-нәтиже: Құлсары және Атырау қалаларында YEҰ қызметінің көрсеткіштерін жақсарту (ӘИБ серіктестерін қоса алғанда)
- Жыл қорытындысымен 22 YEҰ оқудан өтті, , оның ішінде табыстысы -13 ұйым.
 - Оқыту нәтижесінде YEҰ демеушілерге берілетін өтініштердің сапасын жақсартты және өтініштер саны үш есеге артты (45 өтініш берілді).
 - Оқыту басталғаннан кейін, 20 YEҰ 500 000 теңгеден бастап 1 миллион теңгеге дейін мемлекеттік (ГӨҚО, әкімдіктің жергілікті басқармалары) және мемлекеттік емес демеушілерден (республикалық және халықаралық YEҰ) қосымша қаржы ұтып алды.
 - Әлеуметтік жобаларға мониторингі жүргізу және оларды бағалау бойынша оқу құралын шығару және тарату. Практикалық оқу құралы қазақ және орыс тілдерінде, қатты көшірмеде және электронды кітап форматында шықты, ОАЕҚ сайтында қол жетімді. Оқу құралы 2021 жылғы қарашада ТШО-мен бірге блогерлермен болған баспасөз таңғыасында және X Азаматтық форумында таныстырылды.

2-нәтиже: институционалдық даму көрсеткіштерін жақсарту

- Оқудан өткен 22 ұйым институционалдық тақырыптар саласында өз білім деңгейін 42% арттырғандығын және 80%-ы алған білімдерін жұмыста қолданғандарын көрсетті.
- Оқытылған ұйымдар 19 құжатты жаңартты және ұйымдардың жұмысы үшін 63 жаңа құжат әзірледі, барлығы 82 ұсыныс пен тапсырмалар орындалды.
- Жыл соңында ҰЕҰ институционалдық даму бойынша сауалнаманы қайта толтырды және «ҰЕҰ мектебіне» қатысқанға дейін және одан кейін өз ұйымының даму көрсеткіштерін салыстырды. Сауалнама бойынша бағалау өсімінің орташа пайызы 16% құрады.

Туындаған қиындықтар мен алынған сабақтар

- Тұтастай алғанда, облыста және «жұмыс істейтін» ұйымдар санының аздығынан және бәсекелестіктің жоқтығынан ҰЕҰ -да өз жұмыс көрсеткіштерін және нәтижелілігін жақсарту уәждемесінің төмендігі.
- Жылыой ауданының ҰЕҰ арасында масылдық көңіл-күй, ешқандай күш-жігерсіз немесе оқусыз қаржыландыру алуға тырысу. Нақты белсенді және жұмыс істейтін ҰЕҰ-дардың болмауы, өйткені неғұрлым белсенді және білімді азаматтар тұрақты табысы мен кепілдіктері бар мұнай саласында немесе мемлекеттік органдарда жұмыс істеуді қалайды.
- Өңірлік ҰЕҰ-дар онлайн оқытуға қатысуға құлықсыз. Сондай-ақ, бұндай форматта қатысу белсенділігі мен тақырыптың игерілуі төмендейді.
- Вакцина алмағандар тренингтерге оффлайн қатыса алмады, ал қатысу үшін ПТР сынамасын тапсырғысы келмеді.
- Қараша айының басынан бастап ҰЕҰ арасында жобалар бойынша шаралар мен есептерді тапсыру бойынша жұмыстар қыза түсті. Осы кезеңде кез-келген тренингтерді немесе белсенді қатысуды жоспарламаған жөн.

Жоба: «Ынтымақ» қоғамдастықты дамыту бағдарламасы

ҮЕҰ: «Ынтымақ Атырау»

Елді мекендерді қамту аймағы: Атырау қаласы және Жылыой ауданы

Кіші жобалардың / бағыттардың саны: 4

Тікелей / тікелей емес бенефициарлар саны: 4 000

Мақсаты: білім беру, әлеуметтік, экологиялық және қайырымдылық жобаларын жүзеге асыра отырып, тұрақты экономикалық даму үшін жергілікті қоғамдастықтың әлеуметтік капиталын арттыру. Атырау облысындағы балалар үйлерінде, жоғары және орта оқу орындарында білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттыру, сондай-ақ ТШО қызметкерлерін волонтерлікке тарту, ТШО беделін арттыруға үлес қосу және жергілікті қоғамдастықтың әлеуетін арттыру.

Жоба шаралары мен нәтижелері

- Білім беру және әлеуметтік жобалар:
 - «Шаңырақ» отбасы үлгісіндегі балалар ауылының балаларына, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мұнай және газ университеті мен С. Өтебаев атындағы Атырау мемлекеттік университеті студенттеріне арналған 63 онлайн түріндегі ағылшын тілі клубтары. Қатысушылар ағылшын тілін ана тілінде сөйлейтіндердің көмегімен жетілдіруге тамаша мүмкіндік алды. «Шаңырақтың» бір оқушысы мұғалімдер үлгісінен шабыт алып, ағылшын тілі пәні мұғалімі болуды армандауда, қазір ол дайындық мектебіне барып жүр.
 - Құлсары қаласындағы аз қамтылған отбасылардан шыққан 30 балаға арналған 39 онлайн ағылшын тілі клубтары. Тренингке қатысушылар өздерінің ағылшын тілі деңгейін көтеріп, еркін сөйлейтін болды, қатысушылардың екеуі ағылшын тілі бойынша олимпиадаларға қатысты.
 - 250 студентке арналған 14 қонақ дәрісі;
 - 41 ағылшын тілі мұғаліміне арналған 70 онлайн клубы: мұғалімдер осы сабақтардың арқасында тілдік кедергілерді жеңіп, қарым-қатынаста сенімді болды, сонымен қатар олар анағұрлым кәсіби бола түсу үшін, оқыту әдістері бойынша өзге мұғалімдермен тәжірибе алмасты.
 - Жылыой ауданында 50 жұмыссыз әйелге кондитерлік өнімдерді дайындау бойынша шеберлік сағаттары өткізілді.
 - Жылыой ауданында 50 жұмыссыз әйел үшін тігіншіліктен шеберлік сыныбы ұйымдастырылды. Нәтижесінде қатысушылардың екеуі тігін ательесіне жұмысқа орналасса, енді бірі үйден тапсырыс қабылдауда. Қалғандары үйде отырып, өздері үшін тігуді жалғастыруда. Сондай-ақ, 2018 жылы күрсты бітірген түлектердің бірі өзінің тігін ательесі мен шағын мата дүкенін ашты. 2021 жылы ол осы жобаға пішу және тігуден дәріс беруге шақырылды.
 - «Шаңырақ» отбасы үлгісіндегі балалар ауылына 16 сапар/онлайн іс-шара ұйымдастырылды, оған 8 волонтер, 64 бенефициар қатысты;
 - Жасөспірімдер үйіне 14 сапар ұйымдастырылды, оның ішінде Геннадий Франкпен мотивациялық кездесу өтіп, жасөспірімдер оған кәсіпкерлік, отбасылық қатынастар, жасөспірімдер үйінен кейінгі өмір және т.б. қатысты сұрақтар қойды: 10 волонтер, 25 бенефициар.
 - Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығында 15 онлайн кездесу (шығармашылық демалыс) өтті, оған 10 волонтер, 41 бенефициар қатысты. «Атырау достары» командасының волонтерлері ойыншықтар мен киімдер сыйлады. Орталықтың балаларымен айына екі рет кездесу қйымдастырылды : ойындар өткізілді, зумба биледі, суреттер салды, пазлдар жинады.
 - Жылыой ауданындағы мүгедектер мен жалғыз басты зейнеткерлерге арналған әлеуметтік орталықта мүмкіндігі шектеулі 10 бала онлайн түрде қолөнерінен сабақ алды. Қолөнер оларға ұсақ моториканы дамытуға және қолдарымен жұмысты жақсартуға көмектесті.
 - Қарттар мен мүгедектер үйінде 2 шара - Жаңа Жылмен және Жеңіс Күнімен құттықтау ұйымдастырылды: оған 4 волонтер, 90 бенефициар қатысты.
- Халықтың осал топтарына қолдау көрсету:
 - Қаңтар, желтоқсан айларында ТШО-ның жаңа жылдық сыйлықтары «Шаңырақ» отбасы үлгісіндегі балалар ауылының, сөйлеу қабілеті жетілмеген №3 облыстық арнайы мектеп-интернаты мен Атырау облыстық арнайы мектеп-интернатының, №4 облыстық арнайы туберкулез санаториялық мектеп-интернатының, Құлсары қаласындағы балабақша мен Қосшағыл ауылындағы мектеп-интернаттың тәрбиеленушілеріне жеткізілді. Оған 10 волонтер тартылды.
 - 2021 жылдың 1-жартысында ТШО компаниясының қолдауымен 393 азық-түлік себеті Жылыой ауданындағы аз қамтылған отбасыларға: Құлсары қаласынан 188 отбасы және Жылыой ауданының ауылдық округтерінен 205 отбасыға таратылды.
 - Жаңа оқу жылы алдында Атырау және Құлсары қалаларынан 1050 бала кеңсе тауарларымен қамтамасыз етілді.

- Қараша айында Атырау қаласы мен Жылыой ауданынан 400 аз қамтылған отбасы азық-түлік жиынтығын алды. Оған 44 волонтер көмек көрсетті.
- Экологиялық жобалар:
 - «Ынтымақ» тобы «Теңіз қуаты» парақшасында жарияланған викторина жеңімпаздарына көшеттер таратуды ұйымдастыруда ТШО-ға қолдау көрсетті;
 - Атырау қаласы мен Құлсары қаласының тұрғындарына 420 көшет таратуды ұйымдастырды
 - Самал шағын ауданында 2 га аумаққа 1 650 көшет екті;
 - Геолог және Самал шағын аудандарына егілген көшеттерді сұарды.
- Жалпы бенефициарлар саны - 4 000 адам болатын жобаға 139 волонтер тартылды.
- Аз қамтылған отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарды қолдауға 8 984 285 теңге жиналды.

Туындаған қиындықтар мен алынған сабақтар

Алынған негізгі сабақ - жоба бюджетін оңтайландыру үшін ақылы жаттықтырушылардың орнына (Жылыой ауданының жастар үйі мен жобалары үшін) волонтерлерді көбірек тарту болды.

Денсаулық сақтау саласын дамыту

Жоба: Жылыой ауданында, Маңғыстау облысының Боранқұл ауылында және халық арасында инфекциялық, инфекциялық емес аурулармен күресу үшін алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету әлеуетін құру

ҮЕҰ: Қазақстанның отбасылық дәрігерлер қауымдастығы

Елді мекендерді қамту аймағы: Жылыой ауданы және Маңғыстау облысының Боранқұл ауылы

Кіші жобалар/бағыттар саны: 6

Тікелей/жанама бенефициарлар саны: 4 052 / 87 000 (91 052)

Мақсат:

1. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек кезінде пандемияға қарсы шараларды күшейту.
2. Тұрғындар арасында денсаулықты нығайтуға және аурулардың алдын алуға ықпал ету.

Шаралар және жоба нәтижелері

- ҚОДҚ дәрігерлері мен мамандары Жылыой ауданы мен Боранқұл ауылында 223 күн бойы келесі бағыттар бойынша жұмыс істеді: медицина қызметкерлерін оқыту және қолдау, науқастарға кеңес беру.
- Медицина қызметкерлері тиімді жұмыс істеуге қажетті негізгі материалдармен және заттармен (бетперделер, қолғаптар, антисептиктер, қан қысымын өлшейтін құралдар, ЖҚҚ, формалар, ноутбуктер, жиһаздар және т.б.) жабдықталды.
- WASH (су және гигиена) нормаларын жақсарту мақсатында Жылыой емханасы мен 6 ауылдық емханаға ұсақжөндеу жұмыстары жүргізілді.
- Жылыой ауданының 50 дәрігері мен медбикелеріне балалар аурулары, демікпе, тобық-иық қысымы индексінің көрсеткіштері, гипертония, созылмалы жүрек жеткіліксіздігі, қант диабеті, COVID-19 вакцинасы, жалпы вакцинация, антикоагулянттар мен антибиотиктерді қолдану бойынша 12 клиникалық семинар өткізілді;
- Боранқұл ауылындағы 12 медицина қызметкері үшін ЭКГ аппаратын қолдану бойынша 3 оқу курсы ұйымдастырылды;
- 25 дәрігер психикалық денсаулық бойынша екі апталық тренингтен өтті, тақырып бойынша 30 медицина қызметкері мен 12 ауыр жағдайдағы науқас кеңес алды.
- Құлсары қаласында (598) және Боранқұл ауылында (271) 869 науқасқа, оның ішінде балалар да бар, кеңес берілді:
 - Барлық емделушілерге дәрі-дәрмексіз емдеу бойынша (оның ішінде диета, жалпы физикалық белсенділік, қажетті физикалық және мінез-құлық терапиясы) ұсыныстар берілді және соңғы емдеу хаттамаларына және халықаралық клиникалық нұсқауларға сәйкес дәрі-дәрмексіз терапия тағайындалды.
 - Барлық пациенттерге қажетіне қарай, динамикалық жағдайды бағалау және дұрыс емдеу үшін қайта бақылау онлайн немесе офлайн түрінде тағайындалды.
- Қазақстанның барлық өңірлерінде көбіне COVID-19 мәселелері бойынша 2 312 пациентке онлайн режимінде кеңес берілді;
- Жылыой ауданында (122) және Боранқұл ауылында (16) «Ұлттық электронды медициналық карталар» жүйесінің жол карталары мен түрлі медициналық порталдарды пайдалану және MS Office бағдарламасын қолдану бойынша 138 медицина қызметкері оқудан өтті.:
 - Қағаз жұмыстары азайды, дәрігерлер мен медбикелер науқастар карталарын, рентген қорытындыларын және т.б. қолмен жазып, басып шығаруды тоқтатты;
 - Жоспарлау және есеп беру процесі жақсартылды және жеңілдетілді (скринингтер, рентген, аурулардың алдын алу, жас топтары бойынша вакцинациялау кестесі);
 - Ескі KazMed-тен DAMUmed денсаулық сақтау ақпараттық жүйесіне (HIS) көшу аз қаржылық шығынмен жеңіл түрде өтті;

- Боранқұл ауылындағы амбулатория қызметкерлері өз жұмыстарын түбегейлі өзгертті. Бұрын деректерді бір оператор енгізетін, ал медбикелер мен дәрігерлер оның қолжазбаларын тапсыратын еді. ҚОДҚ ноутбуктер беріп, оқытудан өтуді қамтамасыз етті; қазір барлығы DAMUmed-те өздері жұмыс істеп отыр, оператор жұмысы тоқтатылды және бүгінде ол учаскелік медбике болып жұмыс істеуде.
- Жұмыс тиімділігін арттыру үшін Құлсары қаласындағы 40 медбике үшін мәтінді жылдам. көзсіз теруді үйрететін бағдарлама іске қосылды:
- Құлсары қаласындағы медбикелер деректерді жүйеге енгізу жылдамдығын айтарлықтай арттыру арқылы науқастарға көбірек уақыт бөлетін болды.
- Отбасылық медицина бойынша резидентура бағдарламасы әзірленіп, Құлсары қаласындағы емханада 4 резидентура студенті күнделікті клиникалық оқытудан өтті. Резиденттер Құлсары қаласындағы емханада 6 апта болды. Осы үлгінің көмегімен резиденттер АМСК жұмысына «толықтай кірісіп» кете алды.
- 5 науқасқа демікпе, ал 10 науқасқа диабеттік мектептер ұйымдастырылды;
- Орталық емханада қан қысымына және басқа да тексерулерге (глюкоза, холестерин және триглицеридтер) қоғамдық мониторинг жүргізілді. 26 науқас скринингтік тексеруден өтті;
- Созылмалы ауруы бар науқастарды салауатты өмір салтын ұстануға ынталандыру мақсатында 39 науқас артық салмақтан арылу, қобалжуды азайту, ұйқыны жақсарту, гипертонияны бақылау, физикалық белсенділікті арттыру бойынша фитнес-жаттықтыру ішараларына тартылды. Жалпы, олар өздерінің негізгі көрсеткіштерін қадағалауды әдетке айналдырды.
- Құлсары қаласы мен Боранқұл ауылындағы бес мектептің бірінші сыныбының 555 оқушысы мен 32 мұғалімі қолды дұрыс жуу, жөтелу әдебі, т.б сияқты пайдалы дағдыларға үйренді. Балаларға «Зертте» акциясынан естелік сыйлықтар (қалам, жапсырмалар, плакаттар, футболкалар, су бөтелкелері, төсбелгілер) сыйға тартылды.
- Ауыз сумен қамтамасыз ету үшін Құлсары қаласындағы 10 мектепке, Боранқұл ауылындағы 3 мектепке 30 дана су сүзгілері берілді; сондай-ақ бетперделер мен антисептиктер таратылды.
- Жобаны жүзеге асыру, мониторинг жүргізу және бағалау бойынша 10 мониторингтік сапар ұйымдастырылды;
- Әлеуметтік желілерге қатысу саны артты: жалпы онлайн аудиториясы 70 900 оқырманнан тұратын және ~2,9 миллион адам қамтылатын 3 әлеуметтік желі парақшасына контент жасалды (инстаграмда 705 жазба, 1994 оқиға және 1200 сұрақ-жауап).
- Инстаграм парақшасында ТШО-ны көрсете отырып, жоба қызметі туралы 3 мақала және қоғамдық пікір көшбасшылары атынан 9 мақала жарияланды.

Туындаған қиындықтар мен алынған сабақтар

- ҚОДҚ үшін басты сынақтың бірі- эпидемиологиялық жағдай болды, соның салдарынан барлық жоспарланған жобалық шараларды жүзеге асыру қиынға соқты, қызметкерлер ауырып, отбасы мүшелерінен айырылып жатты, бұл өз кезегінде олардың физикалық және психикалық жағдайына әсер етті.
- Бастапқыда ҚОДҚ жобасы тікелей медициналық көмек көрсетуді жоспарламады. Алайда екі жыл бойы ҚОДҚ дәрігерлері мындаған науқастарға көмектесті, бұл барлық қатысушылардың қалжырауына, эмоционалды тұрғыда шаршауға әкеп тіреді. Сондықтан барлық шаралар медицина қызметкерлері мен жалпы жұртшылықтың індеттің ауыртпалығын азайтуына бағытталды.
- Қоғамдастыққа сенім арттыруда ажетсінген барлық адамды COVID-19 вакцинасымен қамтамасыз етуде бұрын-соңды болмаған күш-жігер жұмсау керек болды. Сол кездегі жалған ақпарат қоғамдық денсаулық сақтаудың күш-жігерін әлсіретті. ҚОДҚ жалған ақпаратқа қарсы тұру үшін әлеуметтік қашықтық сақталмайтын, нашар санитарлық жағдайда және пандемияның қастандық теориялары кең таралған жағдайларда тұратын адамдарға бағытталған көптеген материалдар басып шығарды.

Жоба: Атырау қаласында және Жылыой ауданында балалар мен жасөспірімдер арасында туберкулездің алдын алуға бағытталған шараларды жүзеге асыру

ҮЕҰ: Project HOPE

Елді мекендерді қамту аймағы: Атырау қаласы мен Жылыой ауданы

Кіші жобалар/бағыттар саны: 3

Тікелей/жанама бенефициарлар саны: 14 600 / 20 000 (34 600)

Мақсаты: Атырау қаласы мен Жылыой ауданында балалар мен жасөспірімдерге бағытталған туберкулездің (ТБ) алдын алу тиімділігін арттыру.

Жоба міндеттері:

- балалармен және жасөспірімдермен жұмыс істеуге қатысатын серіктестер арасындағы ведомствоаралық ынтымақтастықты жақсарту;
- балалар мен жасөспірімдер арасында туберкулездің алдын алу үшін білім беру және денсаулық сақтау саласындағы қызметкерлердің әлеуетін дамыту;
- профилактикалық мінез-құлыққа, оның ішінде туберкулезге қарсы вакцина егуге ынталандыру мақсатында қоғамда туберкулез туралы хабардарлықты арттыру.

Жоба шаралары:

- 164 сағаттық семинар өткізілді; 356 медициналық және медициналық емес қызметкерлер оқытылды;
- әлеуметтік желілерде және бұқаралық ақпарат құралдарында 98 жазба жарияланды;
- Ақпараттық сессияларға 13 807 студент, жүкті әйелдер және байланыста болған адамдар қатысты;
- Атырау қаласы мен Жылыой ауданындағы емханалар мен мешіттерге 15 000-нан астам ақпараттық материалдар жеткізіліп, халықтың мақсатты топтарына таратылды:
 - туберкулез, көп дәріге төзімді туберкулез және туберкулез/АИТВ жұқтырған адамдармен байланыста болғандарға; БЦЖ вакцинациясы туралы жүкті әйелдер мен жас ата-аналарға; білім беру ұйымдары мен медициналық ұйымдардың (емханалар, перзентханалар, туберкулезге қарсы диспансерлер) қызметкерлерін қашықтықтан оқытуға; мешітке келушілерге және балаларға арналған материалдар.
- 18 наурызда Атырау қаласында діни конфессиялар мен мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен «Халықтар арасында туберкулездің алдын алу шаралары» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелге қатысушылар перинаталдық орталықтың психологтарын екпеден бас тартуға оқыту мүмкіндігін; туберкулезді анықтайтын диагностикалық тесттердің бірі ретінде – квантиферон тестін енгізу және жоба аясында БЦЖ вакцинациясынан/ревакцинациясынан бас тарту себептерін зерделеу мәселелерін талқылады.
- 23 қыркүйекте Алматы қаласында «Атырау қаласы мен Жылыой ауданында балалар мен жасөспірімдер арасында туберкулездің алдын алу және емдеу бойынша жоғары тиімді шараларды жүзеге асыру» жобасын бағалау бойынша дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелге қатысушылар Атырау облысындағы туберкулездің эпидемиологиялық ахуалын және COVID-19 кезінде туберкулезге қарсы шараларды ұйымдастыру мәселелерін; Атырау облысындағы және Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдер арасындағы туберкулез мәселесін талқылады; жобаның алты айлық жұмыс нәтижелерін ұсынды; ағымдағы жобаның жүзеге асырылуын және жоспарланған шараларды жүзеге асыру тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстарды талдады.
- Жоба серіктестерінің қорытынды кездесуі 14 желтоқсанда Атырау қаласында өтті. Кездесуге ТШО, Денсаулық сақтау департаменті, АОКП, ҚР ДСМ өкілдері, медицина қызметкерлері, сарапшылар және т.б. қатысты. Жиында 2021 жылға арналған жобаның қорытындылары таныстырылды.
- 26 наурыз күні облыстық туберкулезге қарсы балалар санаторийінде «Туберкулезге қарсы күрес күні» акциясы өтті. Шара ақпараттық сессия және спорттық эстафета түрінде өтіп, оған 60 бала қатысты.
- 10-30 мамыр аралығында «Денсаулығымыз өз қолымызда» тақырыбында сурет байқауы өтті. Жарыс Балаларды қорғау күніне орайластырылып, облыстық туберкулезге қарсы санаторийде профилактикалық

ем қабылдап жатқан балалар арасында өткізілді. Жеңімпаздар мен қатысушылар дипломдармен және ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды. Суреттер 2022 жылға арналған күнтізбенің дизайны үшін пайдаланылды.

Жоба нәтижелері

- Балалар мен жасөспірімдердің құқықтарын қорғау жөніндегі міндеттемені жетілдіру үшін, Атырау облысындағы балалар мен жасөспірімдер арасындағы туберкулезге қарсы күрес бойынша негізгі серіктестер кіретін ведомствоаралық жоспар әзірленді. Жобаның мақсатты тобына – балалар мен жасөспірімдерге қол жетімді болу үшін, Project HOPE және Атырау облыстық білім беру басқармасы арасында ынтымақтастық туралы келісім жасалды. Ынтымақтастық нәтижесінде он аутрич-жоба қызметкері Атырау қаласы мен Жылыой ауданындағы білім беру ұйымдарында 11 694 бала мен жасөспірім арасында туберкулездің алдын алу шаралары бойынша ақпараттық жұмыс жүргізу мүмкіндігіне ие болды.
- Жоба ұжымы 1606 жүкті әйелді және туберкулез жұқтырғандармен байланыста болған 507 адамды қамтыды, осылайша мақсатты көрсеткішті 100% орындап шықты. Сұхбаттарды стандарттау үшін барлық аутрич-қызметкерлерге қазақ және орыс тілдерінде әңгіме құрастыру үлгілері берілді. Сондай-ақ жүкті әйелдер мен жас ата-аналарға, туберкулезбен ауыратындармен байланыста болған адамдарға арналған бейнебаяндар дайындалды. Екі тілдегі бейне хабарламалар туберкулездің алдын алу шараларын, БЦЖ вакцинациясы және басқа да мәселелерді қамтыды және әлеуметтік желілер, WhatsApp және т.б. арқылы таратылды.
 - Байланыста болған адамдарды ақпараттандыру бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының тиімділігін бағалау үшін 75 респондентпен сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері қатысушылардың туберкулездің алдын алу туралы білімінің жоқтығын көрсетті.
 - Осы қауымдастықтарда туберкулездің алдын алу туралы білімді арттыру үшін одан әрі ақпараттық-түсіндіру жұмыстары қажет.
- Туған кезден бастап балалармен жұмыс істейтін педагогикалық және медициналық қызметкерлер құрамын оқыту бойынша жоба компоненті басталғанға дейін Атырау қаласында туберкулезбен күрес бойынша бағалау жүргізілді. Бағалау нәтижесінде білім беру қызметкерлерінде балалар мен жасөспірімдердің құқықтарын қорғауда нақты міндеттемелердің жоқтығы, білім беру ұйымдарындағы медбикелер негізінен арнайы білімі жоқ зейнет жасындағы адамдар екендігі, және медициналық қызметкерлер жүкті әйелдермен және жас ата-аналармен БЦЖ вакцинациясы туралы сөйлесуде танымал емес, ескірген әдістерді қолданатыны белгілі болды. Атырау облысында балалар мен жасөспірімдер арасындағы туберкулезге қарсы күреске қоғам өкілдерінің, мешіт қызметкерлері мен үкіметтік емес ұйымдардың қатысуы анықталған жоқ. Атырау облысының білім және денсаулық сақтау жүйелерінің кадрлық әлеуетін арттыру мақсатында есеп беру кезеңде білім беру ұйымдарының қызметкерлерінен 196 адам, перзентхана, емхана және туберкулезге қарсы диспансерлерден 160 адам оқытылды.
 - Білім деңгейі медицина қызметкерлері арасында 72%-дан 90,5%-ға, денсаулық сақтау саласына жатпайтын қызметкерлерде 68%-дан 90%-ға дейін өсті. Алынған білімдер медициналық емес қызметкерлердің туберкулез туралы хабардарлығын арттырады және медицина қызметкерлері жұмыс орнында пайдаланады деп күтілуде.
 - Атырау қаласы мен Атырау облысында балалар мен жасөспірімдер арасында туберкулездің алдын алу бойынша медицина қызметкерлері арасында екі рет төрт күндік клиникалық жаттықтыру тренингтері (TOT) өткізілді. Тренингке 42 фтизиатр, фтизиатр-педиатр және орта буын медицина қызметкері қатысты. Тренингтің мақсаты Атырау қаласы мен Атырау облысының білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарында балалар мен жасөспірімдер арасында туберкулездің алдын алудың әртүрлі аспектілерін оқыту үшін клиникалық жаттықтырушыларды даярлау болды. Медицина қызметкерлерінің білім деңгейі 68 пайыздан 95 пайызға көтерілді. Қатысқан жаттықтырушылардың кеңес беру дағдыларын пайдалана отырып, тренингтер өткізу тәжірибесі ұйымдастырылды.
- 196 бала квантиферон тестін тапсырды. 39 (19,8%) балада оң нәтиже; 2-інде (1,02%) күмәнді; және 151 балада (77%) теріс нәтиже көрсетті. Клиникалық бақылаудан кейін 30 балада жасырын туберкулез инфекциясы, 2 балада туберкулездің белсенді түрі анықталды. Жасырын туберкулез инфекциясында профилактикалық емдеу мәселесін шешу үшін, балалардың диагностикалық нәтижелері бақылау орнына жіберілді.

Туындаған қиындықтар мен алынған сабақтар

- Денсаулық сақтау басқармасы басшысының бұл мәселені қарастырып, зерделемеуіне байланысты балалар мен жасөспірімдер арасында ЛТИ (квантиферон-тест) диагностикасы дер кезінде басталмады. Сондай-ақ, «Олимп» зертханаларында шығын материалдарының болмауына байланысты 3-тоқсанда диагностика 3 аптаға тоқтатылды.
- Атырау қаласы бойынша бас санитарлық дәрігердің бұйрығына сәйкес, COVID-19 жағдайына байланысты офлайн режиміндегі жұмыстар шектелді, көптеген жобалық шаралар онлайн режимінде жүзеге асырылды.
- Балалар мен жасөспірімдер арасындағы туберкулез мәселесі әлі де өзекті болып қала береді, өйткені жағдайдың нашарлауы болжануда. Осыған байланысты жобалық шараларды жалғастыру қажет.
- Медиа-жоспардың маңызды құрамдас бөлігі туберкулездің алдын алу шаралары, оның ішінде БЦЖ вакцинациясы туралы әлеуметтік желілерде, яғни инстагрампарақшасында жариялау болып табылады. Project HOPE бас кеңсесінен келісім алынғаннан кейін жобаның инстаграмкаунты ашылды, ал мамыр айында әлеуметтік желілерде контентті ілгерілету үшін маркетингтік агенттік тартылды.

Жоба: Мүмкіндігі шектеулі адамдарды тиімді оңалту

ҮЕҰ: «Біз де адамбыз» қоғамдық қоры

Елді мекендерді қамту аймағы: Атырау қаласы

Кіші жобалар/бағыттар саны: қарастырылмаған

Тікелей/жанама бенефициарлар саны: 20 / 41 (61)

Мақсаты: Атырау облысындағы мүмкіндігі шектеулі жандардың өмір сүру сапасын жақсарту, оларды мүгедек арбасына бейімделуге көмектесу, психологиялық жай-күйін бақылауда ұстау және оңалту процесін жылдам әрі тиімді ету.

Жоба шаралары:

- 27 сәуірде «РАИК» (Беларусь Республикасы) ҚБ-нің 3 жаттықтырушысымен бірлесе отырып,ге облыстық мүгедектерді оңалту орталығының қызметкерлеріне шеберлік сыныбы ұйымдастырылды, оған 7 дәрігер мен 4 медбике қатысты.
- «РАИК» (Беларусь Республикасы) ҚБ-мен бірге 20 адамға (10 мүгедек және 10 ерікті) – Атырау облысындағы омыртқа жотасында жарақаты бар, мүгедектер арбасына таңылған адамдарды одан әрі тәуелсіз өмірлік дағдыларға оқытатын әлеуетті болашақ жаттықтырушылар үшін 3 семинар ұйымдастырылды:
 - 28-30 сәуір – «Алғашқы байланыс». Семинардың мақсаты: өз бетінше өмір сүру дағдыларын үйрету әдістемесімен танысу және олардың практикада қолдануын бастау.
 - 29 маусым – 1 шілде – «Нұсқаушыларды дайындау». Семинар барысында қатысушылар мүгедектер арбасын жүргізуді және онымен жүруді, мүгедектер арбасынан басқа жерге отыруды, жүзуді, бордюрлерден және басқа да көше кедергілерінен өтуді және т. б. үйренді.
 - 7-11 желтоқсан – «Нұсқаушыларды дайындау – практикалық бөлім». Семинар барысында қатысушылар өз бетінше өмір сүру дағдыларын үйренуді жалғастырды және қалаға шығу арқылы шынайы жағдайларда өз дағдыларын тексеруге мүмкіндік алды.
- Нұсқаушы-фасилитатор құзыреттері бойынша 10 семинар ұйымдастырылды: көпшілік алдында сөйлеу, коммуникативті дағдылар, қорқынышпен жұмыс істеу, өзін-өзі қабылдау және т.б. Жеке құзыреттер бойынша тренингтер өткізу үшін 5 жаттықтырушы тегін тартылды.
- YouTube арнасын құру және мүгедектер арбасымен қозғалатын жандарды ынталандыру және оларға психологиялық қолдау көрсету үшін табысқа жеткен мүмкіндігі шектеулі адамдар туралы хабарлар беру :
 - Өмірдің әртүрлі салаларында: спортта, бизнесте, шығармашылықта жетістікке жеткен мүгедектер арбасына таңылған адамдармен 4 бейне сұхбат өткізілді.
 - Жоба аясында 20 бейнебаян әзірленді.
- Семинардың 3 қатысушысына «РАИК» мүгедектер арбасын сыйға тартты.

Жоба нәтижелері

- Жобаның үшінші кезеңінің нәтижелері бойынша өткен ретроспективті сауалнама: сауалнама нәтижесінде мүгедектер арбасын пайдаланушылардың 100%-ы мүгедектер арбасынан басқа жерге отыруды үйренгендерін, қала ішінде мүгедектер арбасымен жүру дағдыларын сәтті меңгергендерін, өз бетінше киіну дағдыларына ие болғанын көрсетті; Сауалнамаға қатысқан еріктілердің 100%-ы омыртқа жотасы зақымданған адамдарға көмектесу (адамды құрлықта, жер бетінде, суда және қозғалу кезінде дұрыс сақтандыру) дағдыларын игергенін хабарлады.
- Арбаға таңылған 4 қатысушы 2021 жылдың қыркүйек айында өткен Спартакиадаға қатысты. Оның ішінде 3-еуі Қазақстан чемпионы атанып, Қазақстан паралимпиада құрамасына үміткер деп танылды.
- Жоба нәтижесі – қатысушылардың, мүгедектер арбасына таңылған жандардың тәуелсіз өмір сүру дағдыларын меңгеруі. Еріктілер ретінде а қатысқандар мүгедектер арбасындағы адамдармен жұмыс істеу дағдыларын меңгерді және бұл факт омыртқа жарақатын алып, мүгедектер арбасына көшкен адамдарды оңалту жүйесін құруға мүмкіндік береді.

- Нұсқаушыларды даярлау: мүгедектер арбасындағы 10 адам және мүгедектігі жоқ 10 адам – мүгедектер арбасымен қозғалатын адамдарды әлеуметтік оңалтудың және бейімделудің (жаңа дағдыларды меңгерудің) тұрақты жүйесін құруға ықпал етеді, бұл оңалту кезеңін айтарлықтай қысқартуға; белсенді, тәуелсіз өмір салтын жүргізіп, денсаулықтарына мұқият болуға мүмкіндік береді.

Туындаған қиындықтар және алынған сабақтар

- Қатысушылардың жеке мәселелері. Екінші семинар барысында күтпеген мәселенің бірі-мүгедектер арбасына таңылған жанның шомылу, арбаданан басқа жерге отыру сияқты физикалық жаттығулардан қорқуы болды.
- Қатысушылар мұндай диагнозы бар адамның сол немесе басқа әрекеттерді орындайтынын, мысалы, киім ауыстырып, шомылып және басқа да әрекеттер жасап жатқанын көргеннен кейін ғана бұл әрекетті орындауға болатынын түсіне бастады. Семинар жоспарлы түрде жалғасып кетті.
- Пандемия және карантиндік шаралар.
 - Атырау облыстық оңалту орталығында бар болғаны 1 шеберлік сабағы өткізілді, оңалту орталығында карантиндік шаралардың болуына байланысты бөгде адамдардың кіруіне рұқсат болмағандықтан қалған кеңес беру жұмыстары тоқтатылды;
 - Бағдарламаның 3-ші модулі бойынша мүгедектер арбасына жақында ғана таңылған 30 қатысушымен лагерь ұйымдастыру жоспарланған болатын. Алайда, карантиндік шектеулерге байланысты тұжырымдаманы өзгертіп, бағдарламаның 3-ші модулі концепциясын өзгертіп, нұсқаушыларды оқытудың практикалық бөлігін өткізуге тура келді.

Жоба: Денсаулық және алдын алу шаралары, сонымен қатар пандемиямен және оның салдарымен байланысты проблемалық мәселелерді шешу

ҮЕҰ: «БолашақК» қоғамдық қоры

Елді мекендерді қамту аймағы: Атырау облысы

Кіші жобалар/бағыттар саны: 4

Тікелей/жанама бенефициарлар саны: 1 065 / 6 390 (7 455)

Мақсаты:

- 1) Неврология, нейрохирургия, нейрореабилитация саласындағы жергілікті медицина кадрларының әлеуетін арттыру арқылы жергілікті медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын жақсарту;
- 2) Неврологиялық аурулар кезінде, шығу тегі әртүрлі жіті және созылмалы ауырсыну нышандары кезінде ауырсынуды емдеуде сапалы кешенді көмек көрсетуді жетілдіру (Pain management);
- 3) Оңалту қызметтерінің, оның ішінде COVID-пен және пневмониямен ауырған науқастарды оңалтудың сапасын жақсартуды жалғастыру;
- 4) Тұрғындарды денсаулық және аурулардың алдын алу туралы ақпараттандыру.

Жоба шаралары

- Индер, Мақат, Құрманғазы, Исатай, Жылыой аудандарында «Психологиялық және тірек-қимыл аппаратының бұзылуы кезінде кешенді сауықтыру шаралары» атты 6 семинар өткізіліп, 176 маман оқудан өтті. Тренинг практикалық дағдыларды дамытуға баса назар аудара отырып өткізілді.
- «БолашақК» ҚҚ-ның реабилитолог дәрігер, кинезиотерапевт, ЕДШ нұсқаушысы, логопед, дефектолог, психологтан тұратын көп салалы ұжымы келесі жұмыстарды орындады:
 - Церебральды сал ауруы, Даун синдромы, балалардағы сөйлеу дамуының тежеуілдеуі, Аутизм спектрінің бұзылуы, мінез-құлық және психикалық бұзылуы диагнозы қойылған 25 балаға кеңес берілді; қимыл-қозғалыс бұзылыстарын түзету, дефектология және логопедия бойынша жеке оңалту бағдарламасы құрастырылды, 3 күн ішінде ЕДШ және логопедиялық-педагогикалық түзету, дефектология бойынша сабақтар өткізілді;
 - Ерекше қажеттіліктері бар балалардың ата-аналары, әлеуметтік қызметкерлер, учаскелік дәрігерлер мен медбикелер ЕДШ сабақтарын жүргізудің негізгі дағдыларына, жайғастыруға, логопедиялық массаж негіздеріне, ережелеріне, күтімге үйренді.
- Педагогикалық түзету бойынша Индер, Мақат, Құрманғазы, Исатай, Жылыой аудандарында 115 маманға 5 оқу семинары өткізілді.
- Ата-аналар мен туыстарды медициналық оңалту және педагогикалық түзету тақырыбында күнделікті оқыту жүргізілді.
- «Ишемиялық инсульт кезіндегі нейрохирургиялық көмек және профилактика», «Инсультты диагностикалау, емдеу және алдын алудың заманауи аспектілері» тақырыбында 2 конференция өткізілді. Конференцияға 50 маман – невролог, нейрохирург, терапевт, жалпы тәжірибелік дәрігерлер (ЖТД), реабилитологтар, педиатрлар, емдеу-алдын алу мекемелерінің басшылары қатысты.
- «Дамудың бұзулының нейрпсихологиялық диагностикасы. Ауыстырмалы онтогенез әдісі. Сенсорлық интеграция. Смоляниновтың тұйық кинематикалық тізбегі» тақырыбында тренинг болып өтті, 35 маман қатысты.
- «Дифференциалданған логомассаж. Артикуляциялық массаж, артикуляциялық гимнастика, логоритмика, дыбыс шығару, ырғақ және дыбыстарды автоматтандыру» тақырыбында тренинг өткізілді, 40 маман қатысты.
- 61 науқас коронавирустық инфекция және вирустық пневмониядан кейін оңалту емін алды.

Жоба нәтижелері

- Жергілікті мамандардың әлеуетін күшейту, әсіресе аудандық деңгейде, оңалту көмегін сапалы атқаруға ықпал етеді.

- Өткізілген оқыту нәтижесінде, әсіресе аудандар мен қаладағы церебральды сал ауруы, инсульт, психикалық дамудың және тілдамудың ауытқушылығы сияқты ауруларда кездесетін қимыл-қозғалыс және когнитивті бұзылыстары бар науқастарды оңалту орталықтарында жұмыс істейтін оңалту мамандарының әлеуеті артты. Мамандар ПНФ, Бобат, Кинестетикс, тұйық кинематикалық тізбек сияқты классикалық және заманауи инновациялық әдістермен кинезиотерапияның теориялық және практикалық дағдыларын меңгерді.
- Өткізілген оқыту нәтижесінде, әсіресе аудандар мен қаладағы церебральды сал ауруы, инсульт, психикалық дамудың және тілдамудың ауытқушылығы сияқты ауруларда кездесетін қимыл-қозғалыс және когнитивті бұзылыстары бар науқастарды оңалту орталықтарында педагогикалық түзету мамандарының әлеуеті артты. 115 түзету мамандары нейропсихологиялық диагностика, жеке оңалту бағдарламасын құрастыру, сенсорлық интеграция әдістерін қолдану және денеге бағытталған терапия, логопедиялық массаж техникасы, логоритмика және дыбыс шығару тақырыбында теориялық және практикалық дағдыларды меңгерді.
- Ерекше балалардың ата-аналары және инсульттан кейінгі науқастардың туыстары, оңалту және күтім көрсету ерекшеліктерінің барлық әдістері мен дағдыларын меңгеріп, алған білімдерін күнделікті өмірде белсенді түрде қолданады және оң нәтижесін көруде.
- COVID-тен кейінгі оңалтудан өткен барлық науқастар әл-ауқаттарының, ұйқыларының айтарлықтай жақсарғанын, жұмысқа қабілеттілігінің жоғарылағанын атап өтті; ILBI (көктамыр ішіне лазерлік қан сәулелендіру) терапиясын алған науқастардың 90%-ында қан қысымының төмендеуі, қандағы қант деңгейінің төмендеуі, коагулограмманың және жалпы жағдайының жақсаруы сияқты оң нәтижелер байқалды.
- Мамандар жоба бойынша семинар-тренингтер, шеберлік сабақтарын өткізу кезінде коммуникациялық дағдылар мен ToT бойынша алған білімдерін белсенді түрде қолдануда.
- «БолашақК» ҚҚ көрсететін медициналық және педагогикалық оңалту қызметінің сапасы жақсарды.
- Жоба нәтижесінде аудандық медициналық мекемелер мен түзету қызметтері арасындағы серіктестік нығайтылды. Мамандар мен оңалту қызметтерін алушылар арасындағы ойлау стереотипі оңалтудың негізгі берік принциптері – кешенділік, жүйелілік, тұрақтылық пайдасына өзгерді. Осының барлығы бірігіп негізгі міндетті шешуге – сапалы оңалту нәтижелеріне қол жеткізуге ықпал етеді.

Туындаған қиындықтар және алынған сабақтар

- Қалалық деңгейдегі мамандар оқуға ерекше ықылас танытпайды, мысалға, облыстық ауруханадағы оңалту орталығының мамандары оқуға қатысудан бас тартты. Негізінен аудандардан келген мамандар қатысты.
- Барлық туыстар күтім мен оңалту әдістерін үйренуге дайын емес, арасында балалары мен туыстарын оңалтуға қатыстырғысы келмейтіндер де бар.
- Туындаған қиыншылық – толыққанды білім беру орталығына арналған жеке ғимараттың жоқтығы. Биылғы жылы семинар-тренингтердің басым бөлігінің аудандарға іс-сапар арқылы өтуі өз септігін тигізді.
- Жобаның оңды тәжірибесі іс-сапар арқылы жұмыс орындарында науқастарға кеңестер беружәне бөлмелерді жабдықтау, құжаттаманы жүргізу/рәсімдеу және басқа да ұйымдастырушылық-әдістемелік көмек көрсету бойынша нақты ұсыныстар берілген оқыту түрлері болды.

Жоба: «Шағын ел» әлеуметтік ауылы

ҮЕҰ: «Атырау. Шағын ел» қоғамдық бірлестігі

Елді мекендерді қамту аймағы: Атырау қаласы

Кіші жобалар/бағыттар саны: қарастырылмаған

Тікелей/жанама бенефициарлар саны: 12

Ескерту: 2020 жылы басталған жобаны аяқтау. ТШО-дан қосымша қаржы қарастырылмады.

Мақсаты: «иппотерапия» әдісін қолдану арқылы бас миы зақымдалған балалардың денсаулығын жақсарту.

Міндеті: балалардың жалпы жағдайын, интеллектуалдық дамуын және дербестігін жақсарту.

Жоба нәтижелері

Әлеуметтік ауыл - бұл қожалығында жылқы, қой-ешкі мен тауықтары бар, бау-бақшасы, шығармашылық шеберханасы мен оқыту сыныптары бар тұрмысы жайлы ауыл. Жобаға барлығы ОЖЖ аурулары бар 12 бала қатысты.

Сабақтарды:

- халықаралық деңгейдегі иппотерапия нұсқаушылары;
- жоғары білімді дене шынықтыру жаттықтырушылары;
- спорт дәрігері өткізді.

Нәтижесінде церебральды сал ауруының ауыр түріне шалдыққан 4 бала облыстық параолимпиадалық ат спорты құрамасының мүшесі атанды. Олар Атырау облыстық спорт басқармасының базасында параолимпиадалық ат спорты жөніндегі спортшы ретінде тіркелді. Қазіргі уақытта жарысқа қызу дайындық жүруде. Балалар өз бетінше атпен жүру дағдыларын игерді, сол арқылы вестибулярлық аппараттың жұмысын және тепе-теңдікті сақтау қабілетін жақсартты. Бұл оларға теңселмей немесе құламай тұзу қозғалу мүмкіндігін береді.

Тәуелсіз және сенімді жас спортшыларға айналған олар өмірлерін жарқын түстермен толықтырып, жарыстарда да, өмірде де жеңістерге жетуге ынталануда. Жас спортшыларды Ел кубогы, Қазақстан чемпионаты күтіп тұр.

Туындағанқиындықтар және алынған сабақтар

- Облыстың бас санитарлық дәрігерінің қаулылары бойынша жоспарлы оңалту бағдарламаларын өткізуге тыйым салулар жиі болды.
- Көптеген отбасылар көлікпен қамтамасыз етілгеннің өзінде жауапсыздық танытты – бағдарламаға жазылып алып, себепсіз қатыспай қалды.

Жоба: «ҚОЛТАҢБА» шеберханасы

ҮЕҰ: «Мүгедек әлемі» мүгедектер қоғамдық бірлестігі

Елді мекендерді қамту аймағы: Атырау қаласы

Кіші жобалар/бағыттар саны: қарастырылмаған

Тікелей/жанама бенефициарлар саны: 80 / 240 (320)

Ескерту: 2020 жылы басталған жобаны аяқтау. ТШО-дан қосымша қаржы қарастырылмады.

Мақсаты: мүмкіндігі шектеулі адамдардың (МША) тұғалық/тұлғааралық әлеуетін дамытуға бағытталған тренинг модульдер арқылы мүмкіндігі шектеулі адамдарға кәсіби бағдар беруге бағытталған «ҚОЛТАҢБА» шеберханасы» атты жобанынығайту.

Міндеті: мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға жасына қарамастан ұлттық нақышта қолдан жасалған кәдесыйлар жасау дағдыларын оқытуды жалғастыру.

Жоба шаралары

- Жалпы өткізілген сабақтар саны – 23 (бисермен, киізбен, қатпарлы қамырмен жұмыс, тоқыма тоқу, кесте тігу, ағаш бұйымдарын күйдіру техникалары);
- Шеберлік сабақтарының жалпы саны – 4 (нейрографика, кенепке және ағаш бетіне, матаға сурет салу);
- Өткізілген тимбилдингтердің жалпы саны – 1 (шараға ҚР ЕХӘҚМ еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің департаментінің, «Қазақстандағы азаматтық альянс» Атырау филиалының өкілдері, сондай-ақ Атырау облысыбілім беру, денсаулық сақтау, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларының мамандары, Атырау, Құлсары қалаларының және Атырау облысыМахамбет ауданының әртүрлі қоғамдық бірлестіктерінен келген мүмкіндігі шектеулі адамдар қатысты);
- Жоба жалпы 80-нен астам бенефициарларды қамтыды, оның 60%-ы Атырау облысы аудандарының өкілдері;
- Қолданбалы өнердің түрлі техникасымен барлығы 69 кәдесый жасалды.

Сабақтар облыстық мүгедектерді оңалту орталығының базасында өткізілді.

Жоба нәтижелері

- Жоба өзінің тиімділігін көрсетті – мүмкіндігі шектеулі жастар белгілі бір еңбек дағдыларын меңгеруге дайын және ынталы. Бастапқы кезеңде қажеттілік анықталды – 40-тан астам мүмкіндігі шектеулі адам қолданбалы өнер бойынша оқыту жалғасады ма деген сұраныспен келген болса, жоба соңына қарай 80-нен астам адам бенефициар атанды.
- Жоба ұжымы мүмкіндігі шектеулі адам жаттықтырушы және маман бола алатынын нақты мысал арқылы көрсетті. Жобаны жүзеге асыру үшін қолданбалы өнер дағдыларын оқыту бойынша маман ретінде өткен жылдардағы жобаның бенефициары Н.А. Петрова (2-топтағы мүгедек) тартылды. Ол өз ісімен мүмкіндігі шектеулі жандарға үлгі бола білді. Ол жобаға келіп, білім алып, дами түсті және табысқа жетті, өз алдына маман атанды.
- Алғаш рет тимбилдинг өткізіліп, ол жоба қызметкерлерінің де, бенефициарлардың да қажеттіліктері мен талаптарына жауап беретін маңызды ішара болды. Шақырылған жаттықтырушы – Алматы мен Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар Орталық Азияда мүмкіндігі шектеулі жандардың өмір сүру сапасын жақсартуға зор үлес қосқан «TeachMe» құзыреттілігін дамыту орталығы» қоғамдық қорының жетекшісі, шығармашылық тәлімгер З.О. Бегалиева. Тренинг барысында жоба бенефициарларына мемлекеттік органдар, бизнес қауымдастық және мүмкіндігі шектеулі адамдармен өзара қарым-қатынасты дұрыс жолға қою үйретілді. Сонымен қатар, командалар проблемалық жағдайлардың шешімін табуды және тиімді ұсыныс беруді, сондай-ақ ұжымдық жұмыс арқылы өмір сапасын жақсарту үшін маңызды өзгерістер жасауды үйренді.

Туындаған қиындықтар және алынған сабақтар

2021 жылы COVID-19 пандемиясына байланысты шектеулер әлі де күшінде болғандықтан, тренингтің бір бөлігін Атырау қаласынан және Атырау облысының барлық 7 ауданынан келетін мүгедектерді емдейтін облыстық мүгедектерді оңалту орталығының (ОМОО) базасында өткізу туралы шешім қабылданды. ОМОО-на кіру тек теріс ПТР сынамасы болған жағдайда ғана рұқсат етіледі , ол 1) жобаға қатысатын барлық адамдардың қауіпсіздігіне кепілдік берді; 2) бұл ем ала отырып, өз қолдарымен кәдесый жасау әдістерімен танысу мүгедектердің өздері үшін де өте ыңғайлы болды.

Экономикалық даму

Жоба: «ЖАРҚЫРА» әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы

ҮЕҰ: «Орталық Азияның Еуразия Қоры» корпоративтік қорымен бірлескен «Әлеуметтік бағдарламалар мен инновациялар қоры» қоғамдық қоры

Елді мекендерді қамту аймағы: Атырау қаласы

Кіші жобалар/бағыттар саны: 3

Тікелей/жанама бенефициарлар саны: 15 / 350 (365)

Ескерту: 2016-2020 жж. әлеуметтік кәсіпорындардан қайтарылған қарыздар есебінен төлеу арқылы қаржыландырылады. ТШО-дан қосымша қаржы қарастырылмаған.

Мақсаты: Атырау қаласы қауымдастығындағы әлеуметтік, экономикалық және экологиялық мәселелердің тұрақты кәсіпкерлік шешімдерін қамтамасыз етуге бағытталған инновациялық әлеуметтік бастамаларға қолдау көрсету.

Міндеттері:

1. Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту және ақпараттық науқан арқылы халықты әлеуметтік кәсіпкерлік пен конкурс туралы ақпараттандыру.
2. Конкурстың бірінші кезеңінде (жартылай финалистер) бағдарламаға қатысушыларды оқыту және конкурстың қорытынды кезеңінде (финалистер) қатысушыларға қаржылық көмек көрсету.
3. Жобаның кеңеюі мен тұрақтылығы үшін қосымша гранттық қаражат тарту үшін жергілікті бизнес-қоғамдастықпен серіктестік орнату.

Жоба шаралары

- Әлеуметтік кәсіпкерлік туралы ақпарат таратуға арналған ақпараттық науқан:
 - a) БАҚ-та 2 жарияланым, әлеуметтік белсенділермен және блогерлермен 6 кездесу, әлеуметтік желіде 15 жазба, 25 плакат пен 3 баннер ілінді, барлығы 200 адам қамтылды;
 - b) 2 ашық семинар өткізілді, 100 қатысушы оқудан өтті, 2 тренер тартылды.
- Конкурстың бірінші кезеңінде 60 әлеуметтік бизнес идея ұсынылды;
- 15 жартылай финалист таңдалды, олармен қаржы, стратегиялық жоспар, маркетинг және көпшілік алдында сөйлеу тақырыптары бойынша 4 тренинг өткізілді.
- 13 қатысушы оқуды сәтті аяқтады, 12 бизнес-жоспар дайындалды;
- Финалистер: 3 ӘК жобасы 1,5 млн теңге грант алды, оның ішінде 2 стартап;
- Финалистер өз идеясын ойдағыдай жүзеге асыру үшін 12 кеңес пен коучинг сессиясын алды.
- Бағдарламаны жүзеге асыру барысында бағдарлама мен әлеуметтік кәсіпкерлердің әлеуметтік желілерінде орыс және қазақ тілдерінде 81 жазба жарияланды, оның 8-і бейне жазба. Бұқаралық ақпарат құралдарында 11 мақала, облыстық телеарналарда 2 жаңалық жарияланды.

Жоба нәтижелері

1-нәтиже: Ашық семинарларға қатысуды қамту және тіркелген қатысушылар саны айтарлықтай артты.

2-нәтиже:

- a) бағдарлама 4,5 млн теңгені (әрқайсысы 1,5 млн теңгеден) құрайтын 3 жобаны грант ұсыну арқылы қолдады. Олар:
 1. «Нөл» қалдық» тұжырымдамасымен жасайтын эко дүкен» Әсел Бисенова,
 2. «Балалардың эмоционалдық ой-өрісін дамыту орталығы» Сәуле Түйменова,
 3. «Көп балалы және ерекше қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік бейімдеу шағын орталығы» Эльмира Мусина.

- b) Қазіргі уақытта барлық әлеуметтік кәсіпкер (ӘК) гранттарды игеріп, қызметтерін жалғастыруда. Солардың бірі 12 адамды жұмыспен қамтып, бір жыл ішінде облыстың 550 тұрғынына көмек көрсетті.
- c) Көптеген ӘК жартылай финалистер оқыту нәтижесінде бағаларын түзетіп, шығыстар мен кірістерді бақылау жүйесін құрды.
- d) Жартылай финалдың екі қатысушысы бизнесін сәтті кеңейтті, бір қатысушы өз жобасының қаржылық тұрақтылығына сенімді болмағандықтан, конкурс финалына қатыспауды ұйғарды, алайда «Азамат-3.0» конкурсына қатысып, жеңімпаз атанды.

3-нәтиже:

- a) Бағдарлама қатысушыларының өзара және жаттықтырушылармен байланыс нәтижесін жаңадан 12 іскерлік байланыс орнатуға ықпал етті.
- b) 1 ӘК өз жобасына қосымша қаржы тартты.
- c) Конкурсқа қатысу бонусы қауымдастық шеңберінде бағдарламаның әлеуметтік желілерінде бейнелер мен жарияланымдар, теледидарға және бұқаралық ақпарат құралдарына шақыру арқылы әлеуметтік кәсіпкерлерге арналған PR жұмыстары болып табылады.

Сондай-ақ, 2021 жылы өткен жылдардағы «Жарқыра» жеңімпаздары жаңа нәтижелерге қол жеткізді:

- 7 ӘК қосымша қаржы тартуға мүмкіндік алды;
- екі кәсіпорын өз ғимаратына қол жеткізді;
- бір ӘК жеңілдетілген шарттармен әкімдіктен ғимарат алды;
- 13 ӘК өз қызметі үшін медальдар мен алғыс хаттар түріндегі марапаттарға ие болды;
- пайызсыз несие иелері 2021 жылы 15 619 197 теңгені кері қайтарды, бұл қаражат қайтадан жаңа әлеуметтік кәсіпкерлерге инвестиция ретінде беріледі.

Туындаған қиындықтар және алынған сабақтар

- Ашық семинарларды ұйымдастыру кезінде ақпараттық науқан ұйымдастырылып, нәтижесінде 280-нен астам адам тіркелді. Осы сәтте тіркеуді жабу туралы шешім қабылданды, өйткені семинарлардың форматы туралы мәселе әлі де белгісіз болатын, ал мұндай көп қатысушыны офлайн форматта қамту мүмкін емес еді. Семинарлар өткізілетін уақытта карантиндік шаралар күшейтіліп, онлайн семинарларға 100-ден аз адам қатысты. Тіркеген адамдар саны көп болғанымен қатысушылар пайызы төмен болды. Осыған орай, келесі жылы мақсатты аудитория өкілдерімен қосымша кездесулер өткізу жоспарланып отыр және өткен жылдардағы ӘК «Жарқыра» қатысушылары арқылы ақпараттық науқанды күшейту туралы шешім қабылданды.
- Жұмыс барысында жобаны жүзеге асырудың онлайн форматына көшуде және қысқа мерзімге (6 ай) ұжым жинақтауда, атап айтқанда көмекші мен бухгалтер іздеуде және жұмысқа алуда қиындықтар туындады. Алдағы уақытта кеңседе жартылай болса да тікелей жұмыс істейтін мамандарды алдын ала іріктеу жоспарлануда, бұл қызметкерлердің көбірек атсалысуын қамтамасыз етеді және ұжымдық жұмысты күшейтеді.
- ӘК жобаларына қосымша инвестиция тарту үшін жергілікті бизнес қауымдастығымен серіктестік орнату аса оңай болмады және әлі де нәтижесі көрінер емесді. Бұған ұзаққа созылған шектеу шараларынан кейін бизнестің тұрақсыз экономикалық жағдайы әсер етуі мүмкін және іздеу стратегияларын қайта қарастыру қажет болуы мүмкін.